

Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі Заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 30 маусымдағы N 139

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 заң күші бар Жарлығына Z952368_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай толықтыру енгізілсін:

149-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Инвестициялық жобаны іске асыру үшін қажетті жабдықтарды, шикізат пен материалдарды (спиртті, алкогольді және темекі өнімдерін, сондай-ақ өңдемей өткізуге арналған тауарлар импортын қоспағанда) импорттау Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен инвестордың арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес кеден бажын салудан толық немесе ішінара босатылуы мүмкін."

2-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар жарлығына U952717_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 159-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Жер учаскелері мемлекеттік заттай гранттар түрінде инвесторға Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен инвестор арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес беріледі.";

2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы жаңа 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен инвестордың арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес жер учаскелері мемлекеттік заттай гранттар түрінде берілетін инвестициялық қызметті жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар;" ;

4) тармақша 5) тармақша болып есептелсін:

3-тармақтың бірінші азатжолы "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен инвестордың арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес мемлекеттік заттай гранттарды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

3-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Заң күші бар Жарлығына U952721_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

3 - б а п т а :

2-тармақта "жекешелендіру жөніндегі басқа заң актілерінде" деген сөздер "өзге де заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы Жарлық "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен бекітілген инвестордың арасында жасалған келісім-шартты іске асыру процесінде туындайтын құқықтық қатынастарды р е т т е м е й д і . " .

Қазақстан Республикасының
Президенті